



**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті**

Университеттің қоғамға арналған іс- шаралары

«ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТЕГІ – АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ



<https://old.ayu.edu.kz/archives/95046>

Бүгін оқу ордамызда «Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының» қабылданғанына 75 жыл және 2024 жылы Қазақстанның «Бала құқықтары туралы Конвенциясын» қабылдауына 30 жыл толуына орай «Зайырлы мемлекеттегі – адам құқықтары мәселелері» атты конференция өтті. Аталған іс-шара Экономика, басқару және құқық факультеті, Құқықтану кафедрасының ұйымдастыруымен жүзеге асты. Іс-шара п.ғ.д, профессор Серік Пралиев атындағы конференция залында өтті.

Жиынға Құқықтану кафедрасының оқытушы-профессор құрамы, белсенді студенттер, профессор Досай Кенжетай, ҚМДБ өкілдері, имамдары және іс-шараға қолдау білдірген Түркістан облыстық департамент мен басқарма өкілдері де қатысты.

Конференцияның негізгі мақсаты – зайырлы мемлекеттегі адам құқықтары мәселелері бойынша тәжірибе мен білім алмасу.

Жиында алғашқы сөз тізгінін алған «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» директоры, оқу ордамыздың түлегі Медет Халықов конференцияның маңызына кеңінен тоқталды. Өзі басшылық жасайтын орталықтың негізгі қызметімен таныстырды.

Дін мәселелерін зерттеу орталығының бағыттары: Интернеттегі әлеуметтік желілерде діни ақпарат тарату, тіркелу мәселелері бойынша құзырлы органдармен бірлесе мониторинг жұмыстарын жүргізу; Ақпараттық түсіндірме жұмыстарының жүргізілу тәртібі; деструктивті діни ағымның жетегінде кеткен азаматтарға теологиялық және психологиялық кеңес беру, оларды діни оңалту сынды өзге де бағыттары бойынша ақпарат берді. Зайырлы мемлекетте адам құқығының, таңдау құқықтарын дін мәселесін теріс пиғылда қолданушылардан сақ болуға шақырды.

Сонымен қатар, конференцияда Түркістан облысының Бас имамы Ержан Төлепов, Теология факультетінің деканы Досай Кенжетай арнайы баяндамаларын оқыды. Аталған жиын Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет ретінде орнығуы жағдайындағы адам құқығы мәселелеріне арналды. Конференцияда: Зайырлы мемлекеттегі – адам құқықтарына қатысты ғылыми тұжырымдар; Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет жағдайындағы адам құқықтары мәселелері; Зайырлы мемлекеттегі әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру мәселелері; Діни қызмет саласын мемлекеттік реттеудегі адам құқығы қорғау бағыттары қарастырылды.

ИТАЛИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРОФЕССОРЫ СЕМИНАР ӨТТІ



<https://old.ayu.edu.kz/archives/99312>

Университетімізде Экономика, басқару және құқық факультеті «Халықаралық қатынастар» кафедрасы мен Халықаралық қатынастар клубының «Жас дипломаттарға семинар» жобасы аясында Италия Республикасы Генуя университетінің доктор-профессоры және Италияның Генуя қаласы мэриясының Халықаралық қатынастар бөлімінің басшысы Андреа Менегатти семинар өтті.

Андреа Менегатти – саясаттану, муниципалды басқару салаларының үздік маманы, саяси ғылымдар докторы. «Батыс Африкадағы Ислам: жас африкалық демократиядағы сопылық және фундаментализм» кітабының авторы. Генуя муниципалитеті, Сыртқы істер департаментінде Азия мен Шығыс Еуропа, Сахараның оңтүстігіндегі Африка елдерімен және БАҚ-пен арнайы екіжақты қатынастарға жауап береді.

Экономика, басқару және құқық факультетінің студенттері мен магистранттарына бағытталған семинар – «Italian Local Authorities Diplomacy» тақырыбында болды. Семинар барысында Италияның «Еуропалық одақ» ұйымындағы орны мен рөлі, Италиядағы демократияның даму үдерісі және Италия мен Еуропалық одақ елдеріндегі адам құқықтары кеңінен баяндалды. Әсіресе Италияның жоғары оқу орындарындағы ғылыми зерттеу жұмыстары мен зерттеу әдістеріне қатысты тәжірибесімен бөлісті. Италияны басқа да Еуропалық елдерімен салыстырмалы түрде талдап, сыртқы саясатын саралады. Сонымен қатар, Италияның жергілікті басқару органдарының ерекшеліктері мен жергілікті басқару органдарының билік тармақтарымен байланыстары, әрі жергілікті басқару органдарының халықаралық қатынастарды жүргізу ерекшеліктеріне баса назар аударды.



Кітапханада «Ақпарат күні» өткізілді



<https://old.ayu.edu.kz/archives/85368>

Бүгін университетіміздің кітапханасында «Ақпарат күні» өткізілді. Ондағы мақсат, кітапхана қорына келіп түскен жаңа кітаптарды таныстыру. Аталған шараға білім беру бағдарламасының талаптары негізінде кафедралардан берілген ұсыныстар бойынша сатып алынған кітаптармен танысуға оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты. Айта кетейік, осы оқу жылында екінші рет өткізіліп отырған бұл ауқымды іс-шара. «Стоматология» факультеті, «Биология», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Құқықтану», «Менеджмент және туризм» кафедраларының сұраныстары бойынша барлығы — 427 кітап сатып алынды. Сонымен қатар, «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша дәлелді медицинадан халықаралық Кокрейн кітапханасы /Cochrane Library/ дерекқорлар базасы мен Параграф ақпараттық жүйесі (online.zakon.kz) базасы сатып алынып, пайдаланушылар назарына ұсынылды.

КІТАПХАНАДА «АҚПАРАТ КҮНІ» ӨТКІЗІЛДІ



<https://old.ayu.edu.kz/archives/91212>

Бүгін оқу ордамыздың кітапханасында «Ақпарат күні» өтті. Басты мақсат – кітапхана қорына келіп түскен жаңа кітаптармен оқырмандарды таныстыру. Аталған шараға білім беру бағдарламасының талаптары негізінде кафедралардан берілген ұсыныстар бойынша сатып алынған кітаптармен танысуға оқытушы-профессорлар мен студенттер қатысты. 2022-2023 оқу жылында жалпы саны 3980 кітапқа сұраныс берілген болса, оның 97 % — ы орындалып, кітапхана жаңа оқулықтармен толықты. Атап айтқанда, «Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар», «Филология», «Жаратылыстану», «Экономика, басқару және құқық», «Теология», «Медицина» факультеттерінің сұранысы бойынша – 3877 кітап сатып алынды.

БАЛАПАНДАРҒА БАЗАРЛЫҚ



<https://old.ayu.edu.kz/archives/91301>

Бүгін Түркістан музыкалық-драма театрында балалар үшін әдемі қойылым көрсетілді. Онда арнайы гастролдік сапармен келген Атырау театры, 1 маусым- Балаларды қорғау күніне орай Антуан Галланның «Аладдин» ертегісін жоғары дәрежеде сахналай білді. Аталған қойылымды университетіміздің қызметкерлерінің ұл-қыздары мен немерелері де тамашалауға мүмкіндік алды. Әртістердің образда тартымды ойнауы бір бөлек, сахнаның бір сәтте түрлі-түске боялып қойылым көркін аша түскені басқаша әсерге бөледі. Осылайша Атырау театрының әртістері жиналған кішкентай көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлай алды. Балапандардың да әдемі ертегі желісінде көз алмай тамашалаған бұл қойылымдары естерінде ұзақ сақталары анық.

**Тұрақты даму ғылыми-зерттеу
орталығының директоры**



Т.Гаипов